


Мүмкіндікті барынша тиімді пайдаланайық

Әдетте көктемнің әр күні қарбаласпен өтетіні белгілі. Бірақ, мына коронавирус індеті маусымдық кезеңде бел шешіп, еркін жұмыс істеуге біршама қолбайлау болып тұр.

Жуанның жіңішкеріп, жіңішкенін үзілер шағында бар тапқан-таянғанын жерге жұмсап, оның өнімін алғанша ілдебайлап күнелте тұратын дикандар үшін бұл мезгілдің ауыртпалығы өз алдына, адамдарды бір-бірінен оқшаулап қойған індеттің кесірі де негізінен қол күшімен бітетін дала жұмыстарын дер кезінде орындап алуға мұрша берер емес. Міне, осындай қысыптаян кезеңде дала жұмыстарына 100 миллиард теңге бөлінетін болды. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев көктемгі егіс егетіндерге 100 миллиард теңге бөлінетінін мәлімдеді. Сондай-ақ, фермерлерге жеңілдетілген жолмен (15 пайыз) жанармай берілетінін жеткізді. Мұның өзі шаруалар үшін үлкен қолдау. Бірақ, осынау жеңілдіктер уақыт оздырмай дер кезінде берілсе екен деген ұсыныс бар. Себебі, мемлекет тарапынан берілетін жеңілдіктер кейде шалғай ауылдарға дер кезінде



жетпей жатады. Ұзын-сонар кезек пен жөн-жосықсыз қағаз жинау адамдардың алтын уақытын алады. Бұл жаңалықты естіген шаруалар әлемді дүрліктірген індетке қарамай, көше кезіп, есік тоздырып жүрсе – бүгінгі жағдайда оның пайдасынан гөрі зияны басым болады, әлбетте. Бір сөзбен айтқанда, шаруалар үшін мемлекет тарапынан жасалып жатқан жеңілдікті барынша тиімді пайдаланайық.

*Кеңес БАЙЖАНОВ,
М.Әуезов атындағы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік
университетінің аға оқытушысы,
ауыл шаруашылығы
ғылымдарының кандидаты.*